



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

жүйесін ұйымдастыру; мақсаты осы міндеттемелердің дұрыстығын, мақсаттылығын және пайдалану тиімділігін тексеру болып табылатын дебиторлық және кредиторлық берешекке қаржылық-шаруашылық бақылауды жүйелі түрде жүргізу.

Шығындарды бақылау. Шығындарды бақылау қолма-қол ақша деңгейін арттырады. Сатылымның өсуі ақша қаражаттарын көбейту үшін маңызды, бірақ жеткіліксіз шарт болып табылады. Бизнес-процестерді оңтайландыру, іс сапарларды қысқарту және мердігерлерді толық уақытты қызметкерлердің орнына пайдалану-бұл шығындарды азайтудың бірнеше әдісі.

Қаржыландыру және инвестициялық қызмет. Компаниялар қаржыландыру және инвестициялау арқылы ақша деңгейін арттыра алады. Қаржылық қызмет банктік несиелерден және инвесторлар үшін акциялар немесе облигациялар шығарудан түсетін түсімдерді қамтиды. Акциялар мен облигацияларға салынған инвестициялардың дивидендтері мен пайызын төлеу ақша қаражатының деңгейін арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «ҚТЖ» ҰК» АҚ ресми сайты [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://www.railways.kz/>
2. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жылдық есептері [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://www.railways.kz/>
3. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жарғысы [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://www.railways.kz/>
4. Теміржол көлігі туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы N 266 Заңы. [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000266>
5. Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 28 ақпандағы N 234 Заңы. [Ғаламтор ресурс]. Сайтқа кіру <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000234>

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУГЕ КЕТЕТІН БЮДЖЕТ ШЫҒЫНДАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ҚҰРАМЫНЫҢ АУДИТІ

Нұржан Л.Н., Сапархан Д.Б., Кабыкенов Б.Б.

«Мемлекеттік аудит» ББ 3 курс студенттері

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы

Е-mail: nurzhan.leila@mail.ru, dinasaparkhan@gmail.com,
bekzat.kabykenov@mail.ru

Ғылыми жетекші: Жахметова Айнура Каиржановна
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
«Мемлекеттік аудит» Кафедрасының аға оқытушысы

Аннотация. Елдің зияткерлік әлеуетін дамыту экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шешудің кепілі болады. Сол себепті осы салаға кететін шығындардың тиімді жұмсалуды тексеру, оған аудит жүргізу маңызды болып табылады. Мақаланың мақсаты Түркістан облысының білім беруге кететін бюджет шығындарының құрылымы мен құрамына жүргізілген мемлекеттік аудит деректерін зерделеу. Мақалада Түркістан облысының облыстық бюджеті, оның ішінде білім беруге кеткен шығындары талданды. Шығындардың соңғы 3 жылғы, яғни 2018-2020 жылдар аралығындағы көрсеткіштері зерттелді. Зерттеу нәтижесінде білім беруге кететін бюджет шығындарының тиімді пайдалануы және қаржыландыруы бойынша ұсынымдар берілді.

Түйінді сөздер: облыстық бюджет, бюджет шығыстары, білім беру саласындағы шығындар, мемлекеттік аудит, бюджет шығындарын қаржыландыру, нормативтік қаржыландыру.

Аннотация. Развитие интеллектуального потенциала страны станет залогом решения экономических и социальных задач. Поэтому важным является проверка эффективного расходования затрат на данную отрасль, проведение ее аудита. Цель статьи – исследование данных государственного аудита структуры и состава расходов бюджета Туркестанской области на образование. В статье проанализирован расход на образование в структуре областного бюджета Туркестанской области, в том числе. Исследованы показатели затрат за последние 3 года, то есть за период с 2018 по 2020 годы. В результате исследования были предложены рекомендации по эффективному использованию и финансированию бюджетных расходов на образование.

Ключевые слова: областной бюджет, расходы бюджета, расходы в сфере образования, государственный аудит, финансирование расходов бюджета, нормативное финансирование.

Annotation. The development of the intellectual potential of the country will be the key to solving economic and social problems. Therefore, it is important to check the effective expenditure of costs for this industry, to conduct its audit. The purpose of the article is to study the data of the state audit of the structure and composition of the budget expenditures of the Turkestan region for education. The article analyzes the costs of education in the structure of the regional budget of the Turkestan region, including. The cost indicators for the last 3 years, that is, for the period from 2018 to 2020, have been studied. As a result of the study, recommendations were proposed for the effective use and financing of budget expenditures on education.

Keywords: regional budget, budget expenditures, expenditures in the field of education, state audit, financing of budget expenditures, regulatory financing.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі міндеті – ол ұлттық және жалпы-адамзаттық құндылықтар мен ғылым және тәжірибе жетістіктеріне негізделіп, тұлғаның қалыптасуына, дамуына және кәсіби жаралуына бағытталған білім

алу үшін қажетті шарттар жасау. Азаматтардың білім алу құқығы Қазақстан Республикасының Конституциясында кепілденген және қабылданған Білім беру туралы Заңдарымен реттеледі. Осы құқықты мемлекет тиісті әлеуметті-экономикалық шарттар жасап, білім беру жүйесін дамыту арқылы қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі маңына бір-бірімен арақатынаста болатын меншік форма, тип және түрлерінен тәуелсіз білім беру мекемелері, әр түрлі білім беру деңгейлеріне арналған білім беру бағдарламалары мен мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарттары және білім беру бағдарламаларды іске асыру мен білім беру жүйесінің дамуын қамтамасыз ететін білім беруді басқаратын органдар көрсетіледі. Республика азаматтарының ақысыз жалпы орта мен техникалық және кәсіптік білім алуына мемлекеттік кепіл негізі болып мемлекеттік білім беру мекемелерін ұстауды бюджеттік қаржыландыру, ал жоғары кәсіптік және жоғары оқу орнынан кейінгі білім арудың – мемлекеттік білім беру гранттары табылады.

Білім беру саласына, оның басымдылығын есептей отырып, мемлекет жыл сайын бюджеттік құралдар бөлуді қамтамасыз етеді. Мемлекеттік білім беру мекемелерін қаржыландыру білім беру деңгейлері бойынша мемлекеттік жалпыміндетті стандарттарда белгіленген талаптарға сәйкес республикалық және жергілікті бюджет құралдары арқылы іске асырылады.

Қазіргі кезеңде білім беру мекемелерін ұстау үшін әрекеттегі қаржылық ағымдар бюджет деңгейлері бойынша жіктелінеді. Орталық республикалық деңгей бойынша бюджеттік құралдармен қамтамасыз ету үш бағытқа бөлінеді, яғни орталық республикалық бағыныштағы мекемелерді ұстауға, республикалық білім беру бағдарламаларды іске асыруға және қаржылық жәрдемге мұқтажды аймақтарға трансферттер ретінде білім беру субвенцияларға. Аймақтық және жергілікті деңгей республикалық деңгейге ұқсас, мұнда жергілікті бағыныштағы білім беру мекемелерді ұстау мен тиісті білім беру бағдармаларды іске асыруға қажетті бюджеттік құралдар қарастырылады.

Білім беруге арналған шығыстар құрамы бюджеттік жіктелу бойынша арнайы функционалдық топқа сәйкес қалыптасады. Республикалық бюджетте бұл топтың үлесі жыл сайын ұлғаюда және келешекте олардың деңгейі жалпы ішкі өнімнің 4%-ына жетуі ұйғарылуда. Бұл функционалдық топ құрамында:

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру;
- Арнайы орта білім беру;
- Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру;
- Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру;
- Жоғары және жоғары оқу орнынан кейін білім беру;
- Білім беру саласындағы өзге де қызметтер көрсетілген.

Осы келтірілген білім беру мекемелерінің типтері мен түрлері бойынша бюджет құралдарымен қаржыландыру іске асырылады.

Қаржыландыру көздері болып республикалық пен жергілікті бюджеттер және бюджеттен тыс құралдар табылады. Білім беру саласын бюджеттік қаржыландырудың қажеттілігі ең алдымен білім беру қызметтің қоғамдық тауар ретіндегі қасиеттері мен елдің әлеуметті-экономикалық дамуындағы олардың рөлімен көрсетіледі. Ал бюджеттен бөлінетін құралдар көлемі практиканың талаптарына сәйкес анықталуы мүмкін емес. Себебі, мемлекеттік реттеудің қай-қайсысы өз алды бюджеттік қамтамасыз етуге жататын мемлекеттік тапсырыс және натуралды немесе ақшалай түрдегі әлеуметті нормативтер тағайындауды талап етеді.


Білім беруге арналған бюджет шығыстары – бюджеттен қайтарымсыз негізде бөлінетін қаражат. Бұл мемлекеттің іс-әрекет етуімен байланысты ақша шығындары. Ол елдің әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған. Сол себепті осы салаға кететін шығындар өте маңызды рөлді атқарады [1].

Түркістан облысының білім беру саласындағы шығындары мынадай функционалдық топтар бойынша топтастырылады: мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру, білім беру объектілерін салу және реконструкциялау және білім беру саласындағы өзге де шығыстар [2].

Кесте 1.


Түркістан облысының 2018 жылғы білім беру саласындағы шығындары, млн. теңге

Іс-шараның атауы	2018 жыл	2019 жыл	2020 жыл	Өзгерістері	
				2019/2018 (%)	2020/2019 (%)
Білім беру барлығы шығыстар	62 573,4	79 793,8	122 564,0	127,5	153,6
Мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	566,6	1 936,5	-	341,7	-
Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру	19 235,3	29 968,7	8 331,8	155,8	27,8
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру	14 823,7	13 959,3	16 094,1	94,1	115,2
Мамандарды қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру	3 022,1	4 061,4	4 431,3	134,3	109,1
Білім беру объектілерін салу және реконструкциялау	19 615,4	24 898,5	766,1	126,9	3,07
Білім беру саласындағы өзге де шығыстар	5 310,3	4 969,4	92 940,6	93,5	1870,2



Сурет 1 – Түркістан облысының 2018-2020 жылдардағы білім беру саласындағы шығындар, млн. теңге

1 кесте және Сурет-1 көріп отырғанымыздай, Түркістан облысының 2018-2020 жылдардағы білім беру саласындағы шығындарының динамикасы көрсетілген. Түркістан облысының білім беру саласына кеткен шығындары соңғы 3 жылда өскен. 2019 жылғы білім беру саласына кеткен шығындары 2018 жылға қарағанда 17 220,4 млн. теңгеге немесе 27,5%-ға артқан. Ал, 2020 жылғы білім саласына кеткен шығындардың мөлшері 2019 жылғы шығындардан 42 770,2 млн. теңгеге немесе 53,6%-ға өскен [3].



Сурет 2 – Түркістан облысының 2018 жылғы білім беру саласындағы шығындары, % үлесімен


2 суретте 2018 жылы Түркістан облысының білім беру саласындағы барлық шығындары 62 573,4 млн. теңгені құрады. Ең көп бөлігін, яғни 19 615,4 млн. теңге немесе 31,3%-ын білім беру объектілерін салу және реконструкциялауға бөлінген шығыстар алып отыр. Екінші орында, бастауыш,

негізгі орта және жалпы орта білім беру функционалдық тобы бойынша шығыстар, оларға 19 235,3 млн. теңге бөлініп, 30,7%-ын құрады.



Сурет 3 – Түркістан облысының 2019 жылғы білім беру саласындағы шығындары, % үлесімен


3 сурет 2019 жылы Түркістан облысының білім беру саласындағы барлық шығындары 79 793,8 млн. теңгені құрады. Ең көп бөлігін, яғни 29 968,7 млн. теңге немесе 37,6%-ын бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруге бөлінген шығыстар алып отыр. Ал, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету функционалдық тобы бойынша шығыстар небәрі 1 936,5 млн. теңге немесе 2,4% құрады.



Сурет 4 – Түркістан облысының 2020 жылғы білім беру саласындағы шығындары, % үлесімен

4 суретте 2020 жылы Түркістан облысының білім беру саласындағы барлық шығындары 122 564,0 млн. теңгені құрады. Ең көп бөлігін, яғни 92

940,6 млн. теңге немесе 75,8%-ын білім беру саласындағы өзге де шығыстар алып отыр. Ал, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарының қызметін қамтамасыз етуге осы жылы мүлдем қаржы бөлінбеген.



Сурет 5 – Түркістан облысының 2019 және 2020 жылдардағы облыстық бюджет шығыстарының құрылымы, % есебінде

5 суретте көріп отырғанымыздай, Түркістан облысының 2019 және 2020 жылдардағы облыстық бюджет шығыстарының құрылымы көрсетілген. 2019 жылы білім беру саласындағы шығындар жалпы шығыстардың 10,3 %-ын алып, ал 2020 жылы 14,8%-ын құрады. Яғни, 4,5%-ға білім беру саласындағы шығындар артқан [3].

Дамыған елдер тәжірибесіндегі білім беру саласына бюджеттік жоспарлаудағы әдістердің қатарына жан басына қатысты қаржыландыру, нормативтік қаржыландыру және нормативтік жан басына қатысты қаржыландыруды жатқызуға болады. Көптеген елдерде нормативтік-жан басына қатысты әдіс тұтастай алғанда бюджет шығыстарын, атап айтқанда, білім беруге арналған шығыстарды жоспарлау кезінде неғұрлым тиімді әдіс ретінде пайдаланылады. Жаңа Зеландияда «қаржыландырудың жаңа формасы» деп аталатын білім беру шығындарын жоспарлау ең прогрессивті болып саналады [4].

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, білім беруді қаржыландырудың қолданыстағы жүйесінің негізділігін және шығыстарды болжау әдістемесін, сондай-ақ білім беру мекемелеріне бөлінетін бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін анықтауда проблемалар бар деп қорытынды жасауға болады. Осыған байланысты әлемдік тәжірибеге сүйене отырып, елімізде білім беру мекемелерін жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшу 2020 жылы іске асырылды. Жан басына шаққандағы қаржыландыру кезінде мемлекеттік шығындарды жоспарлаудың бірлігіне мектеп емес, оқушы айналады.

Осылайша, бірінші орында білім алушылар, олардың мүдделері мен сапалы білім алуға құқықтары болып табылады. Орта білім беруде жан басына қаржыландыру республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер түрінде қосымша қаражат бөле отырып, жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылады. Бұл барлық өңірлердегі білім беру шығындарын теңестіру үшін жасалады. Жан басына шаққандағы қаржыландыру нормативінің мөлшері білім деңгейіне (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта); іске асырылатын білім беру бағдарламаларының түріне (жалпы білім беретін, арнайы білім беретін оқу); іске асыру орындарына (қала, ауылдық жер) қарай қалыптасады.

Қорытындылай келе, қазіргі таңда үздіксіз білім беру еліміздің ертеңі өсіп келе жатқан жас ұрпақтың білімінің тереңдігімен өлшенеді. Сол себепті білім беру саласын қаржыландыру еліміздің азаматтарының сапалы білім алуына, олардың саналы ұрпақ болуына ықпал етеді. Біз Түркістан облысының білім беру саласындағы 2018-2020 жылдардағы шығындарға талдау жасадық. Соңғы 3 жылда Түркістан облысының білім беру саласындағы шығындары өскен. Бұл көрсеткіш қазіргі уақытта Түркістан облысының білім беру саласына көп көңіл бөлініп жатқанын көрсетеді.

2020 жылы білім беру жүйесін қаржыландыруға 122 564,0 млн. теңге қарастырылған. 2021 жылдың 1 қаңтарына орындалғаны 121 450,1 млн. теңгені құрады. 54 мектептің құрылысына жергілікті бюджеттен 605,1 млн. теңге, республикалық бюджеттен 465,3 млн. теңге қарастырылған. Күрделі жөндеуге 96,5 млн. теңге қарастырылған. Компьютерлік техникамен қамтамасыз ету – орта есеппен 5,9 оқушыға 1 компьютерден келеді.

Түркістан облысы елімізде маңызы жоғары облыстардың бірі. Оның көркеюі үшін көптеген қаржы бөлінуі тиіс. Соның ішінде, білім саласы көп көңілді қажет етеді. Туу көрсеткішінің жоғары болуы, білікті мамандармен, оқу орындарының жетіспеушілігі басты мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті, қазіргі таңда жаңа мектептермен, қажетті оқу құралдарына, білікті жас мұғамдерді тартуға қаржы бөлінуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы N 95-IV Кодексі <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K080000095>
2. Түркістан облысы әкімдігінің ресми сайты <https://www.gov.kz/memleket/entities/ontustik/documents/1?lang=kk>
3. Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының ресми сайты [https:// maslihat-turkistan.gov.kz/](https://maslihat-turkistan.gov.kz/)
4. Елистратова Е.Ю. Повышение эффективности бюджетных расходов на финансирование общеобразовательных услуг <https://cyberleninka.ru/article/n/povyshenie-effektivnosti-byudzhetnyh-rashodov-na-finansirovanie-obshcheobrazovatelnyh-uslug>